



Қазақстан Қор Биржасы
Казахстанская Фондовая Биржа
Kazakhstan Stock Exchange

KASE-ДЕГІ ЛИСТИНГ



МАЗМҰНЫ

Компания KASE-ге неге шығады?	2
Ақша қаражатын тартудың негізгі құралдары	3
Неліктен шетелдік алаңдардан гөрі KASE-дегі листинг жақсы?	4
KASE-дегі листингке дайындық	5
Жеңілдетілген листингілік процедуралар	12
Листингілік алымдар	14
Негізгі листингілік талаптар	16
Листинг үшін негізгі құжаттар.....	26
Байланыс	29

КОМПАНИЯ KASE-ГЕ НЕГЕ ШЫҒАДЫ?

1 ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Қаржы ағындарын дұрыс жоспарлаған кезде компания капитал нарығына қол жеткізе алады және өсу мен даму үшін ақша қаражатын тарта алады.

2 ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІН ӘРТАРАПТАНДЫРУ

Қаржыландыру көздері санының өсуімен компания өзінің ақша ағынын тиімді реттей алады.

3 КЕПІЛСІЗ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Компания қаржы қаражатының қажетті көлемін өз активтерін кепілге салмай тарта алады.

4 ИКЕМДІЛІК

Компания ақша тартудың өзіне ыңғайлы тәсілін: акцияларды орналастыруды немесе облигациялар шығаруды таңдайды. Облигацияларды шығару кезінде компания облигациялардың түрін, сыйақы мөлшерлемесін, айналыс мерзімін, міндеттемелерді өтеу сызбасын және басқаларын дербес анықтайды.

5 ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАРДЫ КЕҢЕЙТУ МҮМКІНДІГІ

KASE-де листингтің болуы компанияның жаңа серіктестер мен инвесторларды іздеу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады.

6 ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ СЕНІМІ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАРДЫ КЕҢЕЙТУ МҮМКІНДІГІ

Бағалы қағаздары KASE-нің ресми тізімінде тұрған компаниялар Биржаға ақпарат пен құжаттарды уақтылы беруге тиіс. Қор нарығында ақпаратты ашу – бағалы қағаздарды табысты орналастыру және олардың өтімділігін ынталандыру үшін қажетті шарт. Сонымен қатар, компанияның имиджі мен инвестициялық тартымдылығының өсуіне оң әсер етеді: ақпараттық ашықтық деңгейі жоғары болған сайын, әлеуетті инвесторлар тарапынан компанияға деген сенім артады, акционерлер оның тұрақтылығы мен орнықтылығына соғұрлым сенімді болады.

7 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Компанияда корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін енгізу қолжетімді мөлшерлеме бойынша капиталды тарту мүмкіндігіне оң әсер етеді, бұл компанияның тұрақты өсуін қамтамасыз ету факторы болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫН ТАРТУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ

АКЦИЯЛАР

- ▶ Ұзақ мерзімге капитал тарту мүмкіндігі
- ▶ Жай акциялар бойынша дивидендтер акционерлердің шешімі бойынша төленеді
- ▶ Өтеу бойынша міндеттемелер жоқ
- ▶ Кепілдік қамтамасыз ету талап етілмейді
- ▶ Борыштық жүктеме азаяды
- ▶ Бизнесі нарықтық бағалау
- ▶ Компанияның өтімділігі артады
- ▶ Компанияның имидждік құраушы жақсарады

ОБЛИГАЦИЯЛАР

- ▶ Бизнесі бақылауды жоғалтпай қаржыландырудың едәуір көлемін тарту мүмкіндігі
- ▶ Шығару параметрлері дербес анықталады
- ▶ Кепілдік қамтамасыз ету талап етілмейді
- ▶ Тартылған капиталға еркін иелік ету мүмкіндігі
- ▶ Жария кредиттік тарихты құру
- ▶ Қаржыландыру көздерін әртараптандыру

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАР

- ▶ Тек KASE листинглік компаниялары үшін
- ▶ Өтініш беру мерзімі – 12 айдан аспайды
- ▶ Шығарылымды тіркеу – 3 жұмыс күні ішінде
- ▶ Листинг – 5 жұмыс күні ішінде
- ▶ Минималды құжаттар топтамасы
- ▶ Төмендетілген листинглік алымдар

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАР – АЙНАЛЫС МЕРЗІМІ 12 АЙДАН АСПАЙТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР, ОЛАРДЫ ШЫҒАРУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ КАССАЛЫҚ АЛШАҚТЫҚТАРДЫ ЖЕДЕЛ ЖОЮ ЖӘНЕ АЙНАЛЫМ ҚАРАЖАТЫН ТОЛЫҚТЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



НЕЛІКТЕН ШЕТЕЛДІК АЛАҢДАРДАН ГӨРІ KASE-ДЕГІ ЛИСТИНГ ЖАҚСЫ?

- ▶ Қазақстандық компаниялар отандық инвесторларға түсінікті және ақпараттық қолжетімді.
- ▶ Компанияның жергілікті road-show өткізуге және кеңес берушілер мен орналастыру ұйымдастырушыларының қызметтеріне ақы төлеуге арналған шығындары шетелдік нарықтарға қарағанда айтарлықтай төмен.
- ▶ KASE KASE-де облигацияларды орналастыруды немесе IPO-ны жоспарлайтын компанияларға ақпараттық қолдау көрсетеді.
- ▶ KASE-де бағалы қағаздардың айналысы қазақстандық эмитенттер үшін түсінікті құқықтық өрісте жүзеге асырылады, демек, заңдық тәуекелдер мен заңдық сүйемелдеу шығындары төмендейді.
- ▶ KASE-де компания дамыған қор нарықтарына қарағанда инвесторлар үшін анағұрлым анық көрінеді, онда қазақстандық компания әрқашан көпшіліктің бірі болады.
- ▶ Қаржыландыруды теңгемен ғана емес, шетел валютасымен де тартуға болады, бұл валюталық тәуекелдерді реттеуге мүмкіндік береді.

KASE-ДЕГІ ЛИСТИНГКЕ ДАЙЫНДЫҚ

ЛИСТИНГІЛІК ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІГІН ТЕКСЕРУ



Бағалы қағаздардың KASE ресми тізімінде болуының бүкіл мерзімі ішінде эмитент пен оның бағалы қағаздары листинг талаптарына сәйкес келуге тиіс. Өз тарапынан Биржа олардың осы талаптарға сәйкестігіне мониторинг жүргізеді.

KASE-де бағалы қағаздардың листингі мүмкіндігін қарау үшін компания мыналармен танысу қажет:

- ▶ "Негізгі" алаңы үшін листингілік критерийлермен және талаптармен;¹
- ▶ "Баламалы" алаңы үшін листингілік талаптармен;²
- ▶ "Аралас" алаңы үшін листингілік талаптармен;³
- ▶ "Жеке орналастыру" алаңы үшін листингілік талаптармен;⁴
- ▶ листинг үшін ұсынылуы тиіс құжаттар тізбесімен.

ESG облигациялардың листингі үшін KASE ресми тізімінің осы облигацияларды қосу жоспарланған алаңына байланысты жалпы листингілік талаптар қолданылады.

Листингілік процедураларды реттейтін KASE-нің ішкі құжаттары, сондай-ақ бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашысының ақпаратты ашу ережелері KASE-нің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.



- 1 қосымша. "Негізгі" алаңға арналған листингілік критерийлер мен талаптар.
- 2 қосымша. "Баламалы" алаңға арналған листингілік талаптар.
- 3 қосымша. "Аралас" алаңына арналған листингілік талаптар.
- 4 қосымша. "Жеке орналастыру" алаңына арналған листингілік талаптар.
- 5 қосымша. Листинг үшін негізгі құжаттар.

ҚАРЖЫЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУШІНІ ТАҢДАУ

Бұл бағалы қағаздарды KASE ресми тізіміне енгізу мәселелері бойынша кеңес беретін қор нарығының кәсіби қатысушысы. Қаржылық емес ұйымдар үшін қаржылық кеңес берушінің болуы Биржада бағалы қағаздар листингі үшін міндетті талап болып табылады.

Қаржылық кеңес беруші компанияға инвестициялар тарту шарттарын анықтауға, бағалы қағаздар шығару аңдатпасын дайындауға көмектеседі, оны тіркеу мәселелері бойынша кеңес береді, листинг үшін құжаттарды дайындауға көмектеседі, андеррайтер бола алады (бағалы қағаздарды орналастыруға көмек көрсете алады), сондай-ақ бағалы қағаздарды шығару және орналастыру бойынша басқа да қолдау көрсетеді.



Қаржылық кеңес берушілер туралы ақпарат және олардың байланыс деректері KASE-нің интернет-ресурста жарияланған.

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДЫ ТАҢДАУ

Бағалы қағаздар KASE ресми тізіміне енгізілуі және онда болуы үшін осы бағалы қағаздардың эмитент компаниясы KASE танитын аудиторлық ұйымдардың бірінде аудиттен өтуге міндетті.

1-деңгей: бағалы қағаздарды KASE ресми тізіміне енгізу және алаңға қарамастан осы тізімде болу мақсатында эмитенттердің қаржылық есеп берушілігіне аудит жүргізе алатын аудиторлық ұйымдар ("Негізгі" алаңының эмитенттері үшін – міндетті).

2-деңгей: бағалы қағаздарды KASE ресми тізіміне енгізу және олардың осы тізімде алаңдарда болуы мақсатында эмитенттердің қаржылық есеп берушілігіне аудит жүргізе алатын аудиторлық ұйымдар:

- ▶ "Баламалы";
- ▶ "Аралас" ("Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" және "Ислам бағалы қағаздары" секторлары);
- ▶ "Жеке орналастыру".



Мұндай аудиторлық ұйымдардың өзекті тізбесі KASE интернет-ресурсында жарияланған.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ

Егер компания бағалы қағаздарды алғаш рет шығаратын болса, онда оған Орталық депозитариймен келісім-шарт жасасу қажет, ол компания бағалы қағаздарды шығарғаннан кейін оларды есепке алуды жүзеге асыратын болады.

ӨТІНІШ БЕРУ

KASE-ке өтініш, құжаттар (ақпарат, мәліметтер) беру екі тәсілмен жүзеге асырылады:

1. ONLINE

KASE және оның клиенттері арасындағы электрондық құжат айналымының мамандандырылған жүйесінде «Issuers to investors» (is2in жүйесі) онлайн, ол KASE ішкі құжаттарында анықталған листингілік және басқа да процедураларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

is2in жүйесі арқылы онлайн өтініш беру үшін рұқсаттама бастамашысы мен қаржы кеңесшісінен (ол болған жағдайда) is2in жүйесінде байланыс тұлғаларын есепке алу мақсатында listing@kase.kz электрондық мекен-жайына сұрау жіберу қажет.

Өтінішке қол қою және is2in жүйесінде эмитенттердің құжаттарын (ақпаратын, мәліметтерін) растау рұқсаттама бастамашысының бірінші басшысының немесе осындай әрекеттерді жасауға уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ кілтімен расталады; немесе


2. ҚАҒАЗ ТАСЫМАЛДАҒЫШТАРДА

(Листинг департаментіне: +7 (727) 237 53 24/27 телефоны арқылы хабарласу қажет)


is2in пайдаланушысының нұсқауына сілтеме.
Жүйе жұмысының мәселелері бойынша байланыстар:
listing@kase.kz немесе тел.: +7 (727) 237 6002.



KASE-ДЕГІ ЛИСТИНГТІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ



KASE РЕСМИ ТІЗІМІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



СІЗДІҢ КОМПАНИЯҢЫЗ МЫНАЛАРДЫҢ АРАСЫНДА БОЛУЫ МҮМКІН!



ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЛИСТИНГІЛІК ПРОЦЕДУРАЛАР

Жеңілдетілген листингтік процедуралар:

- ▶ акцияларының 100 %-ы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын эмитенттің бағалы қағаздары;
- ▶ коммерциялық облигациялар (айналыс мерзімі 12 айдан аспайтын);
- ▶ халықаралық қаржы ұйымы (ХҚҰ) шығарған немесе шығаруға жоспарлаған бағалы қағаздар (ХҚҰ-ның сөзсіз және қайтарып алынбайтын кепілдігімен шығаруға жоспарланған бағалы қағаздар);
- ▶ мемлекеттік бағалы қағаздар;
- ▶ "KASE Globa" секторына енгізу жоспарланған шетелдік эмитенттің акциялары мен ETF бағалы қағаздары;
- ▶ бағалы қағаздар, оның ішінде WFE толық мүшесі болып табылатын қандай да бір қор биржасының және/немесе London Stock Exchange (демееу қаржы бөлінбейтін листинг) ресми тізімінде болатын депозитарлық қолхаттар (депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар) үшін көзделген.

Демееу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде мынадай шарттарды орындау қажет:

- ▶ эмитенттің және оның бағалы қағаздарының тиісті алаңдар (секторлар/санаттар) үшін белгіленген листингтік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкестігі;
- ▶ бағалы қағаздар эмитенті туралы ақпаратты ашу тізіміне эмитенттің бағалы қағаздары енгізілген заңды тұлға ретінде қор биржасы тіркелген елдің заңнамасына және оның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

ДЕМЕЕУ ҚАРЖЫ БӨЛІНБЕЙТІН ЛИСТИНГТІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

- ▶ листинг туралы шешімді KASE Басқармасы қабылдайды;
- ▶ минималды листингтік алымдар;
- ▶ ақпаратты ашу қор биржасы тіркелген елдің заңнамасына және олар ресми тізіміне енгізілген оның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

KASE GLOBAL



Сектор шетелдік компаниялардың бағалы қағаздарының айналысына арналған.

Саудаға мынадай критерийлерге сәйкес келетін бағалы қағаздар жіберілді:

- ▶ эмитент және енгізілетін бағалы қағаздар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген;
- ▶ бағалы қағаздар NASDAQ қор биржасының Global Select алаңының; NYSE қор биржасының Equity; Euronext Paris, Euronext Amsterdam алаңдарының ресми тізіміне енгізілген немесе S&P 500, NASDAQ-100 INDEX, Euronext 100 индекстерінің тізімінде тұр;
- ▶ Бағалы қағаздарды есепке алуды "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ жүзеге асырады.

Бағалы қағаздар бойынша міндеті қаржы нарықтарындағы ахуалға байланысты тәуекелдерді талдау, мониторинг, анықтау және басқару болып табылатын Биржа Комитетінің оң сараптамалық қорытындысы бар.

Сауда-саттық пен есеп айырысу Т+ сызбасы бойынша теңгемен және АҚШ долларымен жүзеге асырылады.

Сату сызбасы: брокерлердің жеке кітабынан сауда жасау.

Шетелдік бағалы қағаздарды KASE мәмілелер бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылдайды.



ЛИСТИНГІЛІК АЛЫМДАР

Алдын ала жинау (опционалды)	✓	эмитенттің және ол шығаратын облигациялардың KASE талаптары мен критерийлеріне сәйкестігі туралы KASE алдын ала қорытындысын бергені үшін
Қарау үшін алым	✓	бағалы қағаздарды KASE ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарау үшін
Кіру алымы	✓	бағалы қағаздарды KASE ресми тізіміне енгізгені үшін бір рет алынатын
Жыл сайынғы алым	✓	KASE ресми тізімінде бағалы қағаздар болған әрбір жыл үшін алынатын
Акциялардың ерікті делистингі үшін алым	✓	толық процедура бойынша "Негізгі" немесе "Баламалы" алаңдарына Биржаның ресми тізіміне енгізілген акциялардың әрбір шығарылымы үшін алынатын

Алым түрі	Алаң			
	Негізгі	Баламалы	Аралас	Жеке орналастыру
Алдын ала алым (тек облигациялар үшін)*	100 АЕК ⁶	100 АЕК	алым жоқ	алым жоқ
Қарау үшін алым	Шығарылым көлемінің 0,025 % (100-ден 1 000 АЕК-ке дейін) коммерциялық облигациялар үшін – жоқ 100 АЕК – демеу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде	Шығарылым көлемінің 0,015 % (100-ден 500 АЕК-ке дейін) коммерциялық облигациялар үшін – жоқ 100 АЕК – демеу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде	Шығарылым көлемінің 0,025 % (100-ден 1 000 АЕК-ке дейін) 100 АЕК - демеу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде	алым жоқ
Кіру алымы	Шығарылым көлемінің 0,025 % (100-ден 3 000 АЕК-ке дейін)	Шығарылым көлемінің 0,015 % (100-ден 1 500 АЕК-ке дейін)	Шығарылым көлемінің 0,025 % (100-ден 3 000 АЕК-ке дейін)	Шығарылым көлемінің 0,025 % (100-ден 3 000 АЕК-ке дейін)

6 "АЕК" – зейнетақы, жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш, оның мәні Қазақстан Республикасының тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңдарында белгіленеді.

	100 АЕК – коммерциялық облигациялар үшін	100 АЕК – коммерциялық облигациялар үшін	демеу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде – жоқ	
	демеу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде – жоқ	демеу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде – жоқ		
Жыл сайынғы алым	шығарылымдардың ең көп көлемінің 0,025 % (100-ден 2 000 АЕК-ке дейін), қалған шығарылымдар бойынша – 100 АЕК	шығарылымдардың ең көп көлемінің 0,025% (100-ден 2 000 АЕК-ке дейін), қалған шығарылымдар бойынша – 100 АЕК	шығарылымдардың ең көп көлемінің 0,025% (100-ден 2 000 АЕК-ке дейін), қалған шығарылымдар бойынша – 100 АЕК	шығарылымдардың ең көп көлемінің 0,025 % (100-ден 2 000 АЕК-ке дейін), қалған шығарылымдар бойынша – 100 АЕК
	50 АЕК – коммерциялық облигациялар үшін	50 АЕК – коммерциялық облигациялар үшін	100 АЕК – демеу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде	
	100 АЕК – демеу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде	100 АЕК – демеу қаржы бөлінбейтін листинг кезінде		
Акциялардың ерікті делистингі үшін алым (01.01.2024 жылдан бастап күшіне енеді)	1 000 АЕК	500 АЕК	–	–

* Эмитент облигациялар шығару аңдатпасын мемлекеттік тіркеу алдында KASE-нің алдын ала қорытындысын ала алады.

Жеңілдетілген листингілік процедуралар кезіндегі алымдар KASE интернет-ресурсында жарияланған Листингілік алымдардың мөлшерін, мерзімдерін және төлеу тәртібін анықтау ережелеріне сәйкес алынады.



Онлайн калькуляторға сілтеме



НЕГІЗГІ ЛИСТИНГІЛІК ТАЛАПТАР

1 қосымша

"НЕГІЗГІ" АЛАҢЫ

Листингтік критерийлер

Критерий атауы	Критерий мазмұны
Сату көлемі/түсім/негізгі қызметтен түсетін кіріс	соңғы 3 жылдың әрқайсысы үшін 3 000 000 еселенген АЕК мөлшерінен кем емес
Теңгерім валютасы (актив немесе пассив бойынша теңгерімнің жиынтық сомасы)	соңғы 3 жылдың әрқайсысы үшін 2 550 000 еселенген АЕК мөлшерінен кем емес
Эмитенттің жұмыс істеу мерзімі	3 жылдан кем емес
Қолданыстағы рейтингтік бағаның болуы (бірінші үш критерийге сәйкес келген жағдайда – міндетті емес)	S&P Global Ratings агенттігінің халықаралық шәкілі және/немесе Fitch Ratings/Moody's Investors Service ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бойынша "BB-" төмен емес

Барлық эмитенттерге арналған алаңның базалық листингтік талаптары

Критерий атауы	Критерий мазмұны
Қаржылық есеп берушілік стандарттары	ҚЕХС немесе АҚШ БЕЖП
Аудиторлық есеппен расталған эмитенттің жылдық қаржылық есеп берушілігін ұсыну (еншілес ұйымдар болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік)	соңғы 3 аяқталған қаржы жылында
Аудиторлық есеппен немесе осы есеп берушілікке шолу бойынша есеппен расталған аралық қаржылық есеп берушілікті ұсыну, ол жасалған күннен бастап өтініш берілген күнге дейін 6 айдан аспауы тиіс (еншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған аралық қаржылық есеп берушілік)	Егер: 1. бағалы қағаздарды енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталған күннен бастап алғашқы 4 ай ішінде берілсе және бұл ретте соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік болмаса; 2. бағалы қағаздарды енгізу туралы өтінішті рұқсаттама бастамашысы ағымдағы жылдың 31 тамызынан кейін берілсе, ұсынылады

Критерий атауы	Критерий мазмұны
Аудиторлық ұйым	бірінші деңгей бойынша Биржа танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіндегі
Корпоративтік басқару кодексінің болуы	міндетті түрде
Бағалы қағаздарды есепке алу	Орталық депозитарий жүзеге асырады
Бағалы қағаздарды еркін иеліктен шығаруға шектеулердің болмауы	міндетті түрде

"Акциялар" секторының талаптары: "Премиум" санаты⁷

Талап атауы	Талаптың мазмұны		
	Талаптар пакеті 1	Талаптар пакеті 2	Талаптар пакеті 3
Акциялардың IPO өткізу	енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін		
Жай акциялар акционерлерінің саны	300-ден кем емес		
Маркет-мейкердің болуы	міндетті түрде		
Меншікті капиталдың мөлшері	жарғылық капиталдан кем емес және 15,0 млрд теңгеден кем емес	жарғылық капиталдан кем емес және 10,0 млрд теңгеден кем емес	жарғылық капиталдан кем емес және 5,0 млрд теңгеден кем емес
IPO арқылы тартылған ақшаның жалпы көлемі	7,0 млрд теңгеден кем емес	4,5 млрд теңгеден кем емес	2,5 млрд теңгеден кем емес
Қазақстан Республикасының аумағында IPO арқылы тартылған ақша көлемі	3,5 млрд теңгеден кем емес немесе 20 % кем емес	2,25 млрд теңгеден кем емес немесе 20 % кем емес	1,25 млрд теңгеден кем емес немесе 20 % кем емес
Операциялық қызметтен түскен таза пайданың не ақша қаражатының оң таза ағынының болуы	соңғы 2 жылдың 1-і үшін	соңғы 2 жылда	соңғы 3 жылда
Еркін айналыстағы акциялар саны	10 %-дан кем емес	15 %-дан кем емес	25 %-дан кем емес

⁷ Үш пакеттің біреуінің талаптарына сәйкестігі қажет.

Талап атауы	Талаптың мазмұны		
	Талаптар пакеті 1	Талаптар пакеті 2	Талаптар пакеті 3
Жарияланған жай акциялардың саны	1 000 000 данадан кем емес		
Жарияланған артықшылықты акциялардың саны	10 000 данадан кем емес		

Эмитенттің артықшылықты акциялары "Премиум" санаты бойынша ресми тізімнің "Негізгі" алаңының "Акциялар" секторына осы эмитенттің жай акциялары көрсетілген санатта болған не бір эмитенттің жай және артықшылықты акцияларын қосу бір мезгілде жүзеге асырылған жағдайда ғана енгізіледі. Бұл шарт орындалмаған жағдайда артықшылықты акциялар "Стандарт" санаты бойынша ресми тізімнің "Негізгі" алаңының "Акциялар" секторына енгізіледі.

Акциялар" секторының талаптары: "Стандарт" санаты

Талап атауы	Талаптың мазмұны
Жарияланған жай акциялардың саны	100 000 данадан кем емес
Жарияланған артықшылықты акциялардың саны	10 000 данадан кем емес

"Борыштық бағалы қағаздар" секторының талаптары "Облигациялар" және "Коммерциялық облигациялар" санаттары

Талап атауы	Талаптың мазмұны	
	"Облигациялар" санаты	"Коммерциялық облигациялар" санаты (айналыс мерзімі 12 айдан аспайтын облигациялар үшін ғана)
Маркет-мейкердің болуы	егер облигацияларды орналастырғаннан кейін ұстаушылардың саны 10 және одан да көп тұлғаны құраса	–
Бұрын шығарылған облигациялар бойынша эмитенттің дефолт жағдайларының болмауы	міндетті түрде	

Талап атауы	Талаптың мазмұны	
	"Облигациялар" санаты	"Коммерциялық облигациялар" санаты (айналыс мерзімі 12 айдан аспайтын облигациялар үшін ғана)
KASE ресми тізімінде эмитенттің басқа бағалы қағаздарының болуы	–	өтінішті беру және бағалы қағаздарды KASE-нің ресми тізіміне енгізу күніне міндетті

2 қосымша

"БАЛАМАЛЫ" АЛАҢЫ

Барлық эмитенттерге арналған алаңның базалық листингілік талаптары

Талап атауы	Талаптың мазмұны
Қаржылық есеп берушілік стандарттары	ҚЕХС немесе АҚШ БЕЖП
Аудиторлық есеппен расталған эмитенттің жылдық қаржылық есеп берушілігін ұсыну (еншілес ұйымдар болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік)	соңғы аяқталған 1 қаржы жылы үшін
Аудиторлық есеппен немесе осы есеп берушілікке шолу бойынша есеппен расталған аралық қаржылық есеп берушілікті ұсыну, ол жасалған күннен бастап өтініш берілген күнге дейін 6 айдан аспауы тиіс (еншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған аралық қаржылық есеп берушілік)	егер бағалы қағаздарды енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталған күннен бастап алғашқы 4 ай ішінде берілген және бұл ретте соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік болмаған жағдайда ұсынылады
Аудиторлық ұйым	Биржа танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіндегі
Корпоративтік басқару кодексінің болуы	міндетті түрде (шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын эмитенттерге қолданылмайды)
Бағалы қағаздарды есепке алу	Орталық депозитарий жүзеге асырады
Бағалы қағаздарды еркін иеліктен шығаруға шектеулердің болмауы	міндетті түрде

"Акциялар" секторының талаптары

Талап атауы	Талаптың мазмұны
Ресми тізімге енгізілетін жарияланған жай акциялардың саны	100 000 данадан кем емес
Ресми тізімге енгізілетін жарияланған артықшылықты акциялардың саны	10 000 данадан кем емес

"Борыштық бағалы қағаздар" секторының талаптары: "Облигациялар" және "Коммерциялық облигациялар" санаттары

Талап атауы	Талаптың мазмұны	
	"Облигациялар" санаты	"Коммерциялық облигациялар" санаты (айналыс мерзімі бір жылдан аспайтын облигациялар үшін ғана)
KASE ресми тізімінде эмитенттің басқа бағалы қағаздарының болуы	–	осы бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу күніне міндетті түрде
Бұрын шығарылған облигациялар бойынша эмитенттің дефолт жағдайларының болмауы	міндетті түрде	

3 қосымша**"АРАЛАС" АЛАҢЫ****"Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторы**

Талаптың атауы	Акционерлік инвестициялық қордың (АИҚ) акциялары	Жылжымайтын мүлік қорының (ЖҚ) акциялары	Инвестициялық пай қорының (ИПҚ) пайлары	ETF
Осы бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыруға және айналысқа шығаруға рұқсат етілген	бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуші елдің заңына сәйкес	бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуші елдің заңына сәйкес	бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуші елдің заңына сәйкес	қолданылмайды
Инвестициялық қор	кемінде 1 жыл бар	кемінде 1 жыл бар	қолданылмайды	қолданылмайды

Талаптың атауы	Акционерлік инвестициялық қордың (АИҚ) акциялары	Жылжымайтын мүлік қорының (ЖҚ) акциялары	Инвестициялық пай қорының (ИПҚ) пайлары	ETF
Қаржылық есеп берушілік стандарттары	ҚЕХС немесе АҚШ БЕЖП			
Соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілікті ұсыну (еншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік)	егер басқарушы компанияның болуы инвестициялық қор тіркелген елдің заңнамасында белгіленген болса, АИҚ басқарушы компанияға қолданылады	егер басқарушы компанияның болуы инвестициялық қор тіркелген елдің заңнамасында белгіленген болса, ЖҚ басқарушы компанияға қолданылады	егер басқарушы компанияның болуы инвестициялық қор тіркелген елдің заңнамасында белгіленген болса, ИПҚ басқарушы компанияға қолданылады	қаржылық есептілігінде ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін ұйымға қолданылады
Аудиторлық есеппен немесе осы есеп берушілікті шолу бойынша есеппен расталған аралық қаржылық есеп берушілікті ұсыну, ол жасалған күннен бастап өтініш берілген күнге дейін 6 айдан аспауы тиіс (еншілес ұйымдар болған жағдайда – шоғырландырылған аралық қаржылық есеп берушілік)	егер бағалы қағаздарды енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталған күннен бастап алғашқы 4 ай ішінде берілген және бұл ретте соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік болмаған жағдайда ұсынылады			
Аудиторлық ұйым KASE танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне кіреді	егер басқарушы компанияның болуы инвестициялық қор тіркелген елдің заңнамасында белгіленген болса, АИҚ басқарушы компанияға қолданылады	егер басқарушы компанияның болуы инвестициялық қор тіркелген елдің заңнамасында белгіленген болса, ЖҚ басқарушы компанияға қолданылады	егер басқарушы компанияның болуы инвестициялық қор тіркелген елдің заңнамасында белгіленген болса, ИПҚ басқарушы компанияға қолданылады	қаржылық есептілігінде ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін ұйымға қолданылады
Корпоративтік басқару кодексінің болуы	міндетті түрде	міндетті түрде	міндетті түрде	қолданылмайды

Талаптың атауы	Акционерлік инвестициялық қордың (АИҚ) акциялары	Жылжымайтын мүлік қорының (ЖҚ) акциялары	Инвестициялық пай қорының (ИПҚ) пайлары	ETF
Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы бар/рұқсаты бар		1 жылдан кем емес		
Дефолт жағдайларының болмауы	қолданылмайды	қолданылмайды	қолданылады	қолданылады
Инвестициялық қордың/ETF жұмыс істеу және жұмыс істеуін тоқтату мақсаттарын, шарттарын, тәртібін, сондай-ақ инвестициялау объектілерінің тізбесін, инвестициялық қордың/ETF активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің шарттары мен шектеулерін анықтайтын құжаттар	осы инвестициялық қордың немесе оның басқарушы компаниясының интернет-ресурсында орналастырылған	осы инвестициялық қордың немесе оның басқарушы компаниясының интернет-ресурсында орналастырылған	осы инвестициялық қордың немесе оның басқарушы компаниясының интернет-ресурсында орналастырылған	осы ETF немесе оның басқарушы компаниясының интернет-ресурсында орналастырылған
Осы бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығаруға (беруге) құқықтарына қысым жасайтын немесе шектейтін нормалардың болмауы		міндетті түрде		
Бағалы қағаздарды есепке алуды Орталық депозитарий жүзеге асырады		міндетті түрде		
Маркет-мейкердің болуы	тәуекелді инвестициялау АИҚ акцияларын қосу кезінде қолданылады	қолданылмайды	қосу кезінде қолданылады: • ашық ИПҚ пайлары; • тәуекелді инвестициялау ИПҚ пайлары	қолданылады

Талаптың атауы	Акционерлік инвестициялық қордың (АИҚ) акциялары	Жылжымайтын мүлік қорының (ЖҚ) акциялары	Инвестициялық пай қорының (ИПҚ) пайлары	ETF
Биржаның ресми тізіміне енгізуге өтініш берілген күнге ИПҚ/АИҚ ұстаушылар саны кемінде 5 құрайды	тәуекелді инвестициялау АИҚ акцияларын қосу кезінде қолданылады	қолданылмайды	қосу кезінде қолданылады: • ашық ИПҚ пайлары; • тәуекелді инвестициялау ИПҚ пайлары	қолданылмайды
Рұқсаттама бастамашысы - "қор" санаты бойынша Қор биржасының мүшесі	тәуекелді инвестициялау АИҚ акцияларын қосу кезінде	қолданылмайды	қолданылмайды	қолданылмайды
"Туынды бағалы қағаздар" секторына арналған талаптар				
Талап атауы	Талаптың мазмұны			
Қаржылық есеп берушілік стандарттары	ҚЕХС немесе АҚШ БЕЖП			
Аудиторлық есеппен расталған эмитенттің жылдық қаржылық есеп берушілігін ұсыну (еншілес ұйымдар болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік)	соңғы аяқталған 1 қаржы жылы үшін Егер бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталған күннен бастап алғашқы 4 ай ішінде берілсе және бұл ретте базалық актив эмитентінде аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік болмаса, соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аяқталған соңғы қаржы жылының алдындағы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған базалық актив эмитентінің жылдық қаржылық есеп берушілігін ұсынуға жол беріледі			
Аудиторлық ұйым	бірінші деңгей бойынша Биржа танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіндегі			
Корпоративтік басқару кодексінің болуы	егер мұндай құжаттың болуы базалық активтің эмитенті заңды тұлға ретінде тіркелген елдің заңнамасына сәйкес міндетті болып табылған жағдайда беріледі			

Талап атауы	Талаптың мазмұны
Базалық активті және депозитарлық қолхаттарды есепке алу	Орталық депозитарий жүзеге асырады
Бағалы қағаздарды еркін иеліктен шығаруға шектеулердің болмауы	міндетті түрде
Депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын жарияланған жай акциялардың саны	100 000 данадан кем емес
Депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын жарияланған артықшылықты акциялардың саны	10 000 данадан кем емес

"KASE GLOBAL" секторына арналған талаптар

Талап атауы	Талаптың мазмұны
Бағалы қағаздардың қор биржасының тізімінде және/немесе индекс құрамында болуы	Шетелдік эмитенттің бағалы қағаздары шетелдік қор биржасының (бастапқы листинг биржасының) ресми тізіміне енгізілген және/немесе тізбесі Биржа Басқармасының шешімімен бекітілетін индекс құрамында болады
Сарапшылық пікір	Міндеті қаржы нарықтарындағы ахуалға байланысты тәуекелдерді талдау, мониторинг, анықтау және басқару болып табылатын Биржаның Момитеті берген "KASE GLOBAL" секторында шетелдік эмитенттің бағалы қағаздары айналысының мүмкіндігі туралы оң сараптамалық пікірдің болуы қажет
Маркет-мейкердің болуы	ETF бағалы қағаздарын енгізу туралы мәселені қарау кезеңінде Биржа мүшелерінің бірінен "қор" санаты бойынша осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер функцияларын орындауға ниет-хаттың болуы қажет
Бағалы қағаздарды есепке алу	Орталық депозитарий жүзеге асырады

4 қосымша

"ЖЕКЕ ОРНАЛАСТЫРУ" АЛАҒЫ

Талап атауы	Талаптың мазмұны
Қаржылық есеп берушілік стандарттары	ҚЕХС немесе АҚШ БЕЖП
Аудиторлық есеппен расталған эмитенттің жылдық қаржылық есеп берушілігін ұсыну (еншілес ұйымдар болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік)	соңғы аяқталған 1 қаржы жылы үшін Егер бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталған күннен бастап алғашқы төрт ай ішінде берілсе және бұл ретте базалық актив эмитентінде аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік болмаса, соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аяқталған соңғы қаржы жылының алдындағы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған базалық актив эмитентінің жылдық қаржылық есеп берушілігін ұсынуға жол беріледі
Аудиторлық ұйым	Биржа танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіндегі
Бағалы қағаздарды есепке алу	Орталық депозитарий жүзеге асырады



5 қосымша

ЛИСТИНГ ҚҰЖАТТАРЫ

Барлық эмитенттер үшін ортақ құжаттар

- Барлық эмитенттер үшін
- ▶ эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжат;
 - ▶ Биржа клиентінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру мәселелері бойынша сауалнамасы (КЖ/ТҚҚ сауалнамасы) ("KASE ережелері" бөлімінің "Листинг" кіші бөлімінде Биржаның интернет-сайтында қолжетімді болатын оларға түсіндірмелерге сәйкес нысандардың бірі бойынша толтырылады);
 - ▶ КЖ/ТҚҚ сауалнамасында көрсетілген деректердің дұрыстығын растайтын құжаттар;
 - ▶ халықаралық экономикалық санкциялар тәртіптемесінің сақталуын қамтамасыз ету бөлігінде ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша Биржа клиентінің сауалнамасы ("KASE ережелері" бөлімінің "Листинг" кіші бөлімінде Биржаның интернет-сайтында қолжетімді нысан бойынша толтырылады);
 - ▶ халықаралық экономикалық санкциялар тәртіптемесінің сақталуы туралы растау хаты; ("KASE ережелері" бөлімінің "Листинг" кіші бөлімінде Биржаның интернет-сайтында қолжетімді нысан бойынша толтырылады);
 - ▶ жарғы және оған барлық өзгертулер мен толықтырулар;
 - ▶ эмитенттің қолданыстағы лицензиялары (олар болған кезде);
 - ▶ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
 - ▶ уәкілетті орган тіркеген бағалы қағаздар шығару аңдатпасы;
 - ▶ уәкілетті орган тіркеген облигациялық бағдарлама аңдатпасы;
 - ▶ бағалы қағаздарға ISIN берілгенін растайтын құжат (бейрезиденттер үшін);
 - ▶ бағалы қағаздарға LEI берілгенін растайтын құжат (бар болса);
 - ▶ инвестициялық меморандум (Листингтік ережелерге сәйкес құрылым);
 - ▶ эмитенттің аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілігі (Листингтік ережелерге сәйкес);
 - ▶ есеп саясаты;
 - ▶ корпоративтік басқару кодексі;
 - ▶ эмитенттің аралық қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есеп немесе эмитенттің осындай қаржылық есеп берушілігіне шолу жасау бойынша аудиторлық ұйымның есебі (Листингтік ережелерде белгіленген жағдайларда);
 - ▶ эмитенттің соңғы аяқталған есепті кезең үшін аудиттелмеген аралық қаржылық есеп берушілігі (Листингтік ережелерге сәйкес);

Барлық эмитенттер үшін ортақ құжаттар

- ▶ эмитенттің жоғары органы жиналыстарының (отырыстарының) не оның жалғыз акционерінің (қатысушысының) шешімдерінің хаттамалары не соңғы 12 күнтізбелік айдағы осы хаттамалардан/шешімдерден үзінді көшірмелер;
- ▶ эмитенттің соңғы 12 күнтізбелік айдағы елеулі корпоративтік уақиғалары туралы ақпарат;
- ▶ эмитенттің инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері; бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеуші туралы мәліметтер (бейрезиденттер үшін);
- ▶ аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтер;
- ▶ KASE мүшелерінің бірінен бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер функцияларын орындауға өтініш (Листингтік ережелерде белгіленген жағдайларда);
- ▶ бағалы қағаздарды есепке алуды Орталық депозитарий жүзеге асыратынын растайтын құжат;
- ▶ рұқсаттама бастамашысының бірінші басшысының қолдарының үлгілері бар өзекті карточка.

Қосымша құжаттар

Акционерлік қоғамдар үшін

- ▶ акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және осы акциялар шығарылымының аңдатпасы;
- ▶ эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында эмитент оларды сатып алған кезде акциялардың құнын анықтау әдістемесі;
- ▶ эмитенттің дивидендтік саясаты ("Негізгі" алаңының "Акциялар" секторының "Премиум" санаты бойынша акцияларды енгізу кезінде);
- ▶ эмитенттің Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы не бағалы қағаздарды орналастырудың соңғы бағасын анықтауға қатысты шешім туралы көрсетілген хаттамадан үзінді көшірме;
- ▶ соңғы есепті күнгі акциялар және оларды ұстаушылар туралы мәліметтер.

Инвестициялық қорлар мен ETF үшін

- ▶ соңғы есептік күнгі пайлар мен оларды ұстаушылар туралы мәліметтер;
- ▶ инвестициялық қордың/ETF-ның мақсаттарын, шарттарын, жұмыс істеу және жұмыс істеуін тоқтату тәртібін, сондай-ақ инвестициялау объектілерінің тізбесін, инвестициялық қордың/ETF активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің шарттары мен шектеулерін анықтайтын құжаттар;
- ▶ клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;
- ▶ инвестициялық қор бойынша аралық қаржылық есеп берушілік.

Қосымша құжаттар

Жер қойнауын пайдаланушылар үшін	▶ бағалы қағаздар эмитентінің жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарттарының көшірмесі және/немесе егер оның қызметі осындай операцияларды жүргізуге байланысты болса, осы эмитенттің жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқығын растайтын өзге де құжаттар.
ESG облигациялар үшін	▶ ESG облигацияларды шығару арқылы қаржыландыруға жататын жобаны тәуелсіз бағалауды растайтын құжат
Кепілдік берілген облигациялар үшін	▶ эмитент шығарған облигациялар бойынша кепілдіктің болуын растайтын құжат не тиісті төлемдер күніне борыштық бағалы қағаздарды ұстаушыларға немесе исламдық бағалы қағаздар бойынша тиесілі негізгі борыштың және есептелген сыйақының толық сомасын төлеу үшін ақша ағындарының болуын растайтын құжат – ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларға тиесілі толық соманы төлеу үшін ақша ағындарының болуы
Қамтамасыз етілген облигациялар үшін	▶ эмитенттің міндеттемелерін орындау эмитент мүлкінің кепілімен толық немесе ішінара қамтамасыз етілген облигациялар бойынша қамтамасыз етудің болуын растайтын құжат

KASE рұқсаттама бастамашысынан Листингілік ережелерге сәйкес ұсынылуға жататын құжаттардан (ақпараттан, мәліметтерден) басқа, егер Биржаның пікірі бойынша оларды ұсыну осы бағалы қағаздардың листингі мүмкіндігі туралы негізделген шешім қабылдау үшін қажет болса (бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан немесе алаңынан басқасына аудару), қосымша құжаттарды (ақпаратты, мәліметтерді) сұратуға құқылы.

БАЙЛАНЫС

www.kase.kz

Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" КФК солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат

+7 (727) 237 53 00 (негізгі)
+7 (727) 237 53 24, 237 53 27 (Листинг департаменті)info@kase.kz (негізгі)
listing@kase.kz (Листинг департаменті)

KASE ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ:



@Kazakhstan Stock Exchange



@kase.kz



@Kazakhstan Stock Exchange



@KASEofficial



Казахстанская фондовая биржа (KASE)

K**SE**

www.kase.kz